

FTAMP 03.29.00.

<https://doi.org/10.26577/JH.2021.v101.i2.18>
Г.Б. Тлеубекова

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.
e-mail: tleubekova@mail.ru

ЖЕТІСУ ҚОНЫС АУДАРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ӨЛКЕДЕГІ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Мақалада Ресей империясының XX ғасырдың басындағы Жетісу өлкесінде жүргізген қоныс аудару саясаты мен Жетісу қоныс аудару басқармасының қызметі қарастырылады. Жетісу қоныс аудару мекемесінің тарихы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 19-қорында жинақталған Басқарманың іс-жүргізу құжаттарының негізінде талданған. Қорда іс-жүргізу құжаттарын құрайтын хаттамалар, есептер, штат қызметкерлерінің жеке құжаттары, хат алысу құжаттары, тарихи анықтамалар деректанулық тұрғыдан зерттелген. Жетісу қоныс аудару басқармасының іс-жүргізу құжаттарын талдау барысында деректану ғылымының объективтілік және тарихилық принциптері негізге алынды.

Ресей империясы Жетісу өлкесінде жергілікті қоныс аудару басқармасы арқылы орыс шаруаларын қоныс аудартып, отарлау саясатын жүзеге асырған болатын. 1905 жылы құрылған Жетісу қоныс аудару уақытша партиясының қызметі және одан кейінгі 1906-1918 жылдар аралығында болған Жетісу қоныс аудару басқармасының қызметі архив құжаттары негізінде толық сипатталған. Қор құжаттарында сонымен қатар, өлкедегі рухани отарлаудың бір көрінісі болып табылатын, сол кезеңде ашылған орыс мектептері мен шіркеулері туралы да мәліметтер бар. Жетісу облысының әр уезі бойынша қоныс аударушылар туралы нақты мәліметтер, Жетісу қоныс аудару басқармасының штат құрамы, өлкедегі жүзеге асырылған межелеу және гидротехникалық іс-шаралар талданған.

Түйін сөздер: Жетісу қоныс аудару басқармасы, архив құжаттары, деректану, қоныс аудару, Жетісу өлкесі.

G.B. Tleubekova

Iliyas Zhansugurov Zhetysu University, Kazakhstan, Taldykorgan
e-mail: tleubekova@mail.ru

The history of the Semirechensk resettlement administration and the implementation of the colonial policy in the region

The article examines the resettlement policy of the Russian Empire at the beginning of the 20th century and the activities of the Semirechye resettlement administration. The history of the Semirechensky resettlement institution is considered on the basis of the clerical documentation of the Administration, which is stored in the 19th fund of the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan. In the fund, clerical documentation based on protocols, reports, personal documents of staff members, correspondence, historical information, has been studied from the source side. In the course of the analysis of the clerical documentation of the Semirechensk resettlement administration, the principles of objectivity and historicism of source study were taken as a basis.

The Russian Empire in the Semirechensk Territory carried out a colonial policy and the resettlement of Russian peasants through the local resettlement administration. The article analyzes the factual information about immigrants in all districts of the Semirechensk region, the staff of the Semirechensk resettlement administration, the boundary and hydrotechnical works carried out.

Key words: Semirechensk resettlement administration, archival documents, source study, resettlement, Semirechensk region.

Г.Б. Тлеубекова

Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Казахстан, г. Талдықорған,
e-mail: tleubekova@mail.ru

История Семиреченского переселенческого управления и осуществление колониальной политики в регионе

В статье рассматривается переселенческая политика Российской империи в начале XX века и деятельность Семиреченского переселенческого управления. История Семиреченского переселенческого учреждения рассматривается на основе делопроизводственной документации

Управления, которая хранится в 19-м фонде Центрального государственного архива Республики Казахстан. В фонде делопроизводственная документация, основанная на протоколах, отчетах, личных документах штатных сотрудников, переписке, исторических справок, исследована с источниковедческой стороны. В ходе анализа делопроизводственной документации Семиреченского переселенческого управления были взяты за основу принципы объективности и историзма источниковедческой науки.

Российская империя в Семиреченском крае осуществляла колониальную политику и переселение русских крестьян через местное переселенческое управление. Деятельность образованной в 1905 году временной Семиреченской переселенческой партии, которая просуществовала с 1906 по 1918 годы, и Семиреченского переселенческого управления рассматривается на основе архивных документов. Документы фонда также дают сведения об открытии русских школ и церквей, которые описывают духовную колонизацию края. Проанализированы фактические сведения о переселенцах по всем уездам Семиреченской области, штатный состав Семиреченского переселенческого управления, осуществленные межевые и гидротехнические работы.

Ключевые слова: Семиреченское переселенческое управление, архивные документы, источниковедение, переселение, Семиреченский край.

Кіріспе

XIX ғасырдың II жартысында Ресей империясы Қазақстан аумағын толық отарлаған соң, үлкен өлкені басқару мақсатында өзінің әкімшілік жүйесін енгізген болатын. Сол кезеңде, Жетісу өңірі отар аймақ ретінде экономикалық және саяси жағынан елеулі рөл атқарды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өлкеге орыс шаруаларының легі ағылып келді. Патша өкіметі қазақ жеріне келімсектерді қоныстандыру саясатын тез қарқынмен жүзеге асыру үшін, 1904-1905 жылдары Қазақстан территориясын бес қоныс аудару ауданына бөлді: Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу. Бұл облыстарда Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасына қарасты арнайы Қоныс аудару мекемелері ашылды. Отаршылдық негізде құрылған Қоныс аудару басқармалары жергілікті халықтың пайдалануындағы «артық» жерлерді тартып алып, қоныс аудару телімдерін дайындады.

1905-1918 жылдары Жетісу қоныс аудару мекемесінің қызметі барысында пайда болған құжаттар қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында жинақталып, «Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі» атты 19-қорды құрайды. Қордың құжаттары XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы Жетісу тарихына қатысты дереккөздері болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Жетісу қоныс аудару басқармасының тарихы мен өлкеде жүргізілген отарлау саясатын зерттеу барысында архив құжаттары негізге алынған болатын. Жетісу қоныс аудару мекемесінің іс-

жүргізу құжаттарын талдау кезінде деректанулық әдіс-тәсілдер басшылыққа алынып, негізінен тарихилық, объективтілік таным принциптері қолданылды. Сонымен қатар, Жетісу қоныс аудару басқармасы қорының құжаттарына деректанулық талдау жасауда және олардың шынайылық деңгейін анықтау мақсатында нақты, салыстырмалы талдау, жүйелеу, сыныптау, салыстыру, сынау әдістері қолданылды.

Жетісу қоныс аудару басқармасының мұрағат қоры мекеменің тарихын, принциптерін, функциясын, міндетін, іс жүргізу тәртібін, Ресей империясының отарлау саясатын сипаттайды және тарихи дереккөзі ретінде қызығушылық тудырады.

Патша өкіметінің қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты XX ғасыр басында қазақ зиялыларының назарынан тыс қалған жоқ. Ә. Бөкейханов (Бөкейханов, 1998: 93-95), М. Тынышпаев (Тынышпаев, 2002: 20-28), М. Дулатов (Азамат Алашұлы, 1995: 83-85), А. Байтұрсыновтың (Байтұрсынов, 1995: 58-61) жер мәселесіне қатысты мақалалары ұлттық бейресми мерзімді басылымдарда жарияланып тұрды. «Қазақ» газеті және «Айқап» журналы беттеріндегі мақалалар қоныстандыру саясатының мәнін, мақсатын, жай-жапсарын түсіндіруде насихат құралдары іспеттес болды. «Қазақ өлкесі», «Тағы да жер жайынан», «Жер мәселесі», «Біздің бұрынғы һәм қазіргі халымыз», «Көшіп жүру керек деушілердің пікірі», т.б. мақалаларда жер алып отырықшылыққа көшу, отырықшы нормасын, яғни 15 десятинадан жер алудың қайғылы зардаптары туралы жан-жақты айтылды. Ұлттық мүддені көздеген, халқының болашағына алаңдаған зиялылар еңбектерінің маңызы өте зор.

Нәтижелер мен талдаулар

Жетісу қоныс аудару партиясының құрылуы

XIX ғасырдың аяғында Ресей империясының отарлау саясаты күшейіп, оның бір көрінісі қоныс аударуда айқындалды. Осы кезеңнен бастап шаруалардың Қазақстанға, әсіресе Жетісуға жаппай қоныс аударуынан, бұл мәселе патша үкіметі тарапынан тез арада шешімін табу керек еді.

Қоныс аудару мәселесі 1903 жылы 25 қарашада өткен Егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігінің қатысуымен Мемлекеттік Кеңесте қарастырылып, осы отырыстың журналы 19-қорда сақталған (Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты. – Қ.19. Т.1. Іс 5. 32 п.; – әрі қарай ҚР ОММ). Мұнда Ресейдің оңтүстік-шығыс губернияларында, Орал облысында және Түркістан өлкесінде 1904 жылы қоныс аудару телімдерін дайындайтын партиялар құру – басты мәселелердің бірі ретінде қойылған. Дайындық комиссиясы негізінен Түркістан өлкесіне назар аударды, өйткені бұл өлкеге орыс шаруаларының ағылып келуі күшейіп кетті, әсіресе Жетісу облысында тез арада қоныстандыру жұмыстарын ретке келтіру керек деп ұйғарды. Түркістан генерал-губернаторының мәліметі бойынша, сол кезеңде орналаспаған қоныс аударушылардың саны Жетісуда 16000-ға дейін жетті (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 5. 33 п.). Түркістан өлкесінің XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы әскери губернаторларының жылдық есептері аймақтың тарихы бойынша өте құнды деректер болып табылады. Облыстың әскери губернаторының есебі – бұл ресми құжат, оның негізінде (басқа да облыстардың губернаторларының есептерінің жиынтығымен) Түркістан өлкесінің генерал-губернаторының есебі жасалып, императордың үстеліне қойылатын (Мийманбаева, 2021: 132). Өлке бойынша жасалған жылдық есептердің мәліметтері Ресей империясының шенеуніктерінің баяндамаларында қолданыс табатын. Бұл құжаттарда өлкенің тарихы, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық жағдайы туралы құнды деректер келтірілген.

Дайындық комиссиясының шешімі бойынша 1904 жылы Түркістан генерал-губернаторлығында қоныс аудару телімдерін дайындайтын уақытша партияны құрып, оның қызметіне 92.020 сом қаржы бөлінетін болып шешілді (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 5. 37 п.). Сонымен қатар, Жетісуға басқа облыстарға қарағанда,

іссапармен жіберілетін шенеуніктердің штатын көбейту керектігі ұйғарылды. Олардың бір бөлігі – өлкеге бұрыннан келген шаруаларға жер үлестерін дайындаса, ал басқалары – жергілікті көшпенділердің пайдалануындағы артық жерлерді анықтау мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізулері тиіс болды. 1905 жылы 14 ақпанда Мемлекеттік Кеңестің қаулысы бойынша, Жетісу облысында қоныс аудару телімдерін дайындайтын уақытша партия құрылды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 26. 87 п.). Партияның жұмысы Егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігімен және Түркістан генерал-губернаторлығы арқылы бақыланып, қаржыландырылды.

Ресей империясы заңдар жинағының II томында «Министрліктердің мекемелері» бөлімінің 9-тарауында Қоныс аудару басқармасының алғашқы құқықтық қағидасы көрініс тапты. Бұл заңның 112-113 баптары Қоныс аудару мекемесінің құқықтық нормаларын былайша белгіледі: «112. Переселенческое Управление заведывает переселенческим делом; в отношении степени и пределов власти, сему Управлению предоставлены права, присвоенныя Департаменту Наказа Министерством. 1896 Дек. 2 (13464) I, 1905 Сент. 19, собр. указ., 1918.

113. Къ обязанностямъ Переселенческаго Управления относятся:

- 1) руководство делом выдачи разрешеній на переселеніе;
- 2) принятіе меръ къ упорядоченіе переселенческаго движенія;
- 3) попеченіе о первоначальномъ устройстве переселенцевъ на местахъ водворенія;
- 4) заведываніе всеми кредитами, отпускаемыми по Главному Управленію Землеустройства и Земледелія на переселенческое дело;
- 5) предварительная разработка всех новых меръ законодательнаго и административнаго свойства, на необходимость которыхъ укажетъ последующій ходъ развитія переселенческаго дела, и
- 6) производство дель, которые по тесной ихъ сыязи съ переселенческою частью Главноуправляющій Землеустройствомъ и Земледеліемъ признаетъ нужнымъ возложить на Управленіе. 1896 Дек. 2 (13464) II; 1904 Юн. 6, собр. узак., 1390, прав. ст. 3, 4; 1905 Сент. 19, собр. узак., 1918; 1906 Апр. 26, собр. узак., 663, VI, ст. 1» (Свод законовъ Российской имперіи, 1913: 392). Көріп отырғанымыздай, Қоныс аудару басқармасы қоныс аудару ісін жүргізуге тиіс болды. Соған сәйкес оның өзіндік атқаратын қызметі заңдастырылды.

Жоғарыда келтірілген заң бойынша, Қоныс аудару басқармасы қоныс аудару ісін толық өз қарауына алып, жүзеге асыруға міндетті болды. Ресей империясының заңдар жинағының IX томындағы «Қоныс аудару телімдерін құру ережелері» бөлімі 124-баптан 154-бапқа дейін қамтыған. Бұл заңның 125-бабына сәйкес, қоныс аудару телімдерін құру Жерге орналастыру және егіншілік басқармасының жанынан құрылған арнайы уақытша партияларға жүктеледі (Полный свод законов Российской империи, 1911: 741). Жетісудағы уақытша партия осы заңның негізінде құрылды.

Мемлекеттік Кеңестің бекітуі бойынша, Жетісу облысында қоныс аудару телімдері 1891 жылы 25 наурызда қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» ереженің 120 бабының 1-ескертуінде көрсетілген жерлерден құрылып, 1893 жылдың 13 маусымында бекітілген Сібір темір жол ауданында қоныс аудару телімдерін құру туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс еді (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 11. 1 п.). Өлкеде қоныс аудару ісі Ресей империясының заңдар жинағына кірген «Мемлекеттік жерлерге қоныс аудару ережелері» бойынша жүзеге асырылды (Полный свод законов Российской империи, 1911: 723-745). «Дала ережесінің» 120 бабының 1-ескертуіне сәйкес, көшпенділер үшін артық болып табылған жерлер, Мемлекеттік меншік министрлігінің қарамағына өтті. Сондықтан, көшпенді халық үшін «артық» болып табылған жерлер Қоныс аудару қорына өту керек еді. Ал, 1893 жылғы 13 маусым ережелері, шын мәнінде, отырықшы халық тұратын аумақтарда және суаруды қажет етпейтін жерлерден қоныс аудару телімдерін құру үшін негізделген заңдар еді.

Қоныс аудару партиясының негізгі мақсаты – өлкеге қоныс аударып келген шаруаларды орналастырып және келешекте қоныс аударатын шаруаларға жер үлестерін дайындау болды. Жергілікті халықтың пайдалануындағы «артық» жерлерді анықтау үшін, партияға мынандай міндеттер жүктелді:

а) облыстың тарихи-шаруашылық жағдайын барлап, айқындау;

ә) қазақтардың мал және егін шаруашылығында пайдаланатын жер мөлшерін анықтау;

б) су көздерін және жерді суландыру жүйесін зерттеп, егіншілік шаруашылығында жұмсалатын су мөлшерін бағамдау;

в) суармалы және суарылмайтын жерлерден шаруаларға бөлінетін жер үлестерін қарастыру.

Сонымен, уақытша партияның Жетісу өлке-сіндегі алғашқы жылғы жұмысы дайындық негізінде өткізілу керек еді. Қоныс аудару партиясымен жоспарланған жұмыстар, келешекте өлкеде жүргізілетін ірі аграрлық реформалардың бастамасы ғана еді.

Бұл уақытқа дейін Жетісу облысында табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық зерттеулер жүргізілмегендіктен, Егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігі жаңадан құрылған партияға осы зерттеу жұмыстарын жүктеді.

Жетісу облысындағы уақытша партияның ең алғашқы құрамы 13 шенеуніктен тұрды:

- партияның меңгерушісі – О.А. Шкапский;
- статистикалық бөлім бойынша партия меңгерушісінің көмекшісі – Л.Н. Рума;
- партияның гидротехнигі, тау-кен инженері – А.А. Матисен;

- партия агрономы – П.Н. Квитка;
- жұмысты өндіруші – Н.В. Овчинников;
- аға топограф, техникалық бөлімнің меңгерушісі – Г.Г. Буш;
- аға топограф – М.М. Веденский;
- топографтар – М.В. Андрейчик, М.М. Романов, Г.М. Мальсагов, М.И. Желаманов;
- су бөлімінің технигі – И.А. Богданов;
- гидротехниктің көмекшісі – И.А. Рейнвольд (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 12. 3 п.).

Жоғарыдағы тізімде көрсетілгендей, партияның шенеуніктері патшалық Ресейден жіберілген орыс мамандары екендігін байқау қиын емес. Олардың басты мақсаты патша үкіметінің отарлық саясатын жергілікті жерде жүргізу еді.

Жетісу қоныс аудару партиясының жүргізетін негізгі жұмыстары меңгеруші дайындаған мына төмендегі бағыттарда жүзеге асырылуға тиіс болды:

а) гидротехникалық және гидрогеологиялық зерттеулер – келешекте құрылатын қоныс аудару телімдерінде жер суландыру жүйесін орнату үшін, аймақтағы су қорының көздерін анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізу;

ә) статистикалық зерттеулер үшін – қазақтардың шаруашылығын зерттеп, көшпенділердің жерді пайдалануы мен тұрмысының экономикалық жағдайын анықтау;

б) агрономиялық зерттеулер – метеорологиялық станциялардың жүйесін орнату үшін және шабындық жерлерді ұлғайту үшін ауданның табиғи жағдайын, топырағының құнарлығын анықтап, ботаникалық зерттеулер жүргізу.

Демек, Жетісу қоныс аудару партиясының облыстағы халықтың санын анықтап, олардың шаруашылығы туралы мәліметтер жинап,

«артық» жер үлестерінің негізінде қоныс аудару қорын толтыру міндеттері айқындалды.

Статистикалық құжаттарға сәйкес, 1905 жылы Қоныс аудару партиясы өлкедегі үлкен ауданды қамти алмағандықтан, Түркістан генерал-губернаторының шешімі бойынша, зерттеу жұмыстары тек Пішпек уезінің Аламедин және Талқан болыстарында өтті. Нәтижесінде, Аламедин болысының 19 әкімшілік ауылындағы 1700 үй шаруашылығы және Пішпек уезіндегі 7 орыс селосының 1823 шаруашылығы зерттелді. Партия шенеуніктері жергілікті аудандарда қазақтардың және орыстардың шаруашылығында пайдаланылған жер үлестерін анықтап, келешекте қоныс аударатын шаруаларды орналастыратын «артық» жерлерді белгілеу керек еді.

Патша өкіметі дйттеген жеріне жету үшін алдын ала жан-жақты ойластырылған шараларын бір жүйеде жүзеге асыруға ұмтылды. Оның үстіне отарлау саясатын ұйымдасқан түрде, әрі тез қарқынмен жүзеге асыру мақсаты қойылды. Осыған орай қоныс аудару мәселесі алдын ала жоспарланып, оған жұмсалатын қаржының есебі дайындалатын. Ол үшін, ең алдымен, облыстағы жер пайдаланатын шаруашылықтар саны анықталуға тиіс еді.

1905 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстары ешқандай нәтиже бермеді, өйткені жаңадан құрылған партия жергілікті жағдай ерекшеліктерімен таныс болмағандықтан, қиындықтарға душар болды. Сол себептен, Қоныс аудару партиясы өзінің мақсаты мен міндеттерін толық атқара алмай, 1905 жылдың аяғында таратылды. Өлкеге қоныс аударған шаруаларды орналастыру мәселесі шешілмей қалды. Сол кезеңде Жетісуда орналаспаған келімсектер үкіметтен жер үлестерін талап еткендіктен, 1905 жылдың желтоқсанында Түркістан генерал-губернаторының тарапынан, оларға қазақтардың пайдалануындағы жерлерден 3 жылға дейінгі қысқа мерзімге үлестер беру туралы шешім қабылданып, бұйрық шығарылды. Бірақ қоныстандыру мәселесі әлі де ашық қалды.

Жетісу қоныс аудару мекемесінің қызметі

Қорда сақталған Жетісу облысындағы қоныс аудару ісі туралы тарихи анықтамада көрсетілгендей, 1906 жылы 14 ақпанда Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасының қаулысы бойынша, Жетісу қоныс аудару ауданы атты жаңа мекеме құрылды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 67. 12 п.). Жаңадан

құрылған Қоныс аудару ұйымына да таратылған партияның міндеттері қойылды.

1906 жылы 17 ақпанда Жетісу қоныс аудару ауданының жанында Уақытша Комиссия құрылды, ол қоныстандыру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті телімдердің жобаларын бекітті. Бұл Комиссияның төрағасы болып Жетісу қоныс аудару ауданының меңгерушісі тағайындалды, ал құрамына жобаны құрастырушы, уезд басшысы, орманшы және салық инспекторы енгізілді. Бірақ Уақытша Комиссияның отырыстарында төраға, уезд басшысы және қалған мүшелерінің бірінің ғана қатысуы жеткілікті еді.

Жетісу қоныс аудару ауданы келешекте өлкеге келетін шаруаларға телімдерді дайындау үшін төмендегі жұмыстарды атқарды:

а) алдын ала зерттеу жұмыстары өткізілді – қазақтардың пайдалануындағы жерлерді қоныс аудару ісінің мүддесіне тартып алу мақсатында, белгілі телімдерді зерттеді;

ә) тартып алынатын жерлердің суландыру мүмкіндігі анықталып, суландыру жүйесі жобаланды;

б) қазақтардың пайдалануындағы нақты жерлерді анықтау үшін және қоныстандыру телімдері үшін тартып алынатын жерлерді жобалау мақсатында межелеу жұмыстары өткізілді, бірақ ең алдымен, қазақ халқы мал және егін шаруашылығына жарамды жерлермен қамтамасыз етілуі тиіс болды;

в) қазақтардың шаруашылық жағдайы зерттелді;

г) жоғарыда көрсетілген зерттеу жұмыстарынан кейін ғана қоныс аудару телімдеріне тартып алынатын жерлердің жобалары дайындалды, ал бұл жобалар, 1893 жылғы 13 маусым Уақытша Ережесінің 17-бабына сәйкес, Уақытша Комиссияның қарауына шығарылатын;

ғ) Уақытша Комиссия қарауындағы жерлерді бекіткеннен кейін, Ішкі Істер министрінің келісімімен Жерге орналастыру және егіншілік бас басқарушысының белгілеген арнайы нұсқауының негізінде, бұл телімдерде қоныс аударушылар орналасқан болатын.

Жетісу қоныс аудару басқармасы кеңсе, статистикалық, агрономиялық, жер межелеу, гидротехникалық, жол, дәрігерлік, ветеринарлық, құрылыс бөлімдерінен тұрды. Қорда барлық бөлімдердің құжаттары жинақталған. Бөлімдерге қоныс аудару ісінің меңгерушісі жетекшілік жасады.

Кеңсенің жұмысын толығымен қоныс аудару ауданы меңгерушісінің көмекшісі басқарды. Бұл бөлімнің міндетіне мамандар мәселесі

(қызметкерлерді жұмысқа қабылдап, жұмыстан шығаратын), әкімшілік-шаруашылық мәселелер, кіші аудандарды құрал-сайманмен жабдықтау, қоныс аудару мекемесінің кіріс және табыс сметаларын құрастыру кірді.

Статистикалық бөлімді қоныс аудару ауданының меңгерушісінің статистика бөлімі бойынша көмекшісі басқарды және оның қол астында шамамен 6 статистик болды. Негізінен олар статистикалық зерттеулер жүргізді: жергілікті халықтың санын, олардың шаруашылығын және көшу маршруттарын анықтады, жергілікті жерді тарихи және географиялық тұрғыдан зерттеді.

Зерттеу жұмыстарының мағлұматтары арнайы сауалнамаларға толтырылып, Қоныс аударудың бас басқармасына жіберілетін. Қазақ болыстарының табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық зерттеулерінің нәтижесінде жинақталған құжаттардан статистика бөлімінде арнайы очерктер дайындалды. Сонымен қатар, Жетісу облысына қатысты зерттеу еңбектерінде, анықтамалық кітапшаларда бұл мәліметтер қолданылатын.

Статистика бөлімінде статистикалық отрядтар құрылды, олардың құрамында басқаратын 1 статистик және 3 регистратор жұмыс істеді. Статистика бөлімінің басшысы статистикалық зерттеулерге жұмсалатын қаржыға байланысты сметаны құрастырды.

Агрономиялық бөлім оны басқаратын Жетісу қоныс аудару ауданының бас агрономынан, бірнеше агроном-техниктен, олардың көмекшілерінен тұрды. Бұл бөлімнің шенеуніктері тәжірибелік үлгілі шаруашылықтар ұйымдастырды, артық құнарлы жерлерді белгілеп, метеорологиялық байқаулармен айналысып, қоныс аудару қорына өткен жерлердің топырағының құрамын және құрылымын анықтады. Осы мақсатта Верный, Лепсі және Қапалға 3 топырақтық-ботаникалық экспедиция ұйымдастырылды. Бұл экспедицияларға Ресей империясынан арнайы жіберілген мамандар қатысты. Сонымен қатар, бұл бөлімнің қызметкерлері өсімдіктердің тұқымдарының, шыбыншіркейлердің коллекцияларын жүйелеумен айналысты. Жетісу облысының табиғи жағдайын нақты зерттеу үшін, 1912 жылы Верный қаласында сейсмикалық станция құрылды.

Межеліеу бөлімі меже жұмыстары бойынша техника бөлімінің басшысынан және бірнеше топографтан тұрды. Бұл бөлім жерді бөлу жұмыстарымен шұғылданды, қоныс аудару телімдерін жобалады, отырықшылыққа көшкен қазақтарға жер телімдерін дайындады, қоныс

аударушылардың өтініштеріне байланысты телімдерді бөлді, мектептердің, шіркеулердің құрылыстарына керекті жерлерді анықтады, Уақытша Комиссиямен қабылданған телімдердің шекараларын белгілеп, қазақтардың қыстауларын, бақтарын және жоңышқаларын бағалады. Межеліеу жұмыстары орталық қоныстандыру басқармасында дайындалған нұсқаудың негізінде жүргізілді.

Гидротехникалық бөлім инженер гидротехниктен, шамамен 3 гидротехниктен және 6 техниктен тұрды. Бөлімнің жұмысын Қоныс аудару басқармасының меңгерушісінің басшылығымен Гидротехникалық Кеңес басқарды. Кеңес Қоныс аудару мекемесінің гидротехникалық жұмысына байланысты жоспарын, ирригациялық құрылыстардың, қоныс аудару телімдеріндегі каналдар мен суландыру жүйелерінің жобаларын құрастырды, гидротехникалық зерттеулерді талқылады. Ал гидротехника бөлімі жер үсті және жер асты су қорларын зерттеді, суландыратын және құрғататын каналдарға, су қоймаларына арналған орындарды алдын ала дайындады, мелиорацияға байланысты барлық мәселелерді қарастырды. Гидротехникалық құрылыстар мемлекет қаржылығымен және Қоныс аудару мекемесінің несиелерінің негізінде жасалды. Кейбір жағдайда құрылыстар жергілікті халықтың қаржысына жасалатын, мұндай құрылыстар Қоныс аудару мекемесінің рұқсатымен және техникалық бақылауымен өткізілетін.

Суды пайдалануды жүйелеп, ретке келтіру үшін уездік жергілікті су комиссиялары құрылды, оның құрамына уездің басшысы – комиссияның төрағасы, облыстық суландыру бақылауының өкілдері – Қоныс аудару мекемесінің гидротехнигі, салық инспекторы, орманшы, кейбір жағдайда әскери гидротехник кіретін. Ең төменгі жергілікті су жүйесінің бақылауы, арық ақсақалдарынан тұрды.

Жол бөлімі 2 жол технигінен және 2 сызбашыдан тұрды. Алғашында бұл бөлім жеке бірлік ретінде болмағандықтан, жол жұмыстарын гидротехникалық бөлім атқарды. 1914 жылы жол инженерінің басшылығымен жол бөлімі құрылды. Жол бөлімі жолдар мен көпір құрылыстарын жүргізді.

Дәрігерлік бөлім қоныс аударушыларға медициналық көмек көрсетіп, әр жерде пункттер ұйымдастырды. 1913 жылы ветеринарлық бөлім құрылды, оны ветеринарлық дәрігер басқарды. Кіші аудандарда ветеринарлық бөлімшелер ұйымдастырылды.

Құрылыс бөлімі жаңадан құрылған телімдерде үйлер, мектептер, шіркеулердің құрылысымен айналысты. Бұл құрылыстар үшін, алдынала жер үлестері дайындалатын.

Патша үкіметі сыртқа қоныс аударған казактарды жермен қамтамасыз ету мәселесіне үлкен көңіл бөлді. Осыған байланысты Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасы 1914 жылғы 3 тамыздың заңына сәйкес, Жетісу казак әскерлерін жермен қамтамасыз ету ережелерін белгіледі. Казактарды жермен қамтамасыз ету жұмыстары Жетісу қоныс аудару ауданына жүктелді (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 67. 4 п.). Мұнда казактарды жерге орналастыру жұмыстарымен барлық бөлімдер айналысқанымен, қосымша арнайы казак бөлімі құрылды. Казактарға арналған телімдердің жобалары да Уақытша Комиссиямен бекітілді.

Қоныс аудару ауданында азық-түліктік, орманды, ауыл-шаруашылық қоймалары болды. Жетісу қоныс аудару басқармасының жылдық есебінде көрсетілгендей, 1909 жылы облыста алты қойма болды. Бұл қоймалар Пішпек, Верный, Лепсі, Пржевальск қалаларында орналасты (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 36. 212 п.). Олардың бірі Жетісу казак әскерінің, бірі – мемлекеттік, төртеуі – Қоныс аудару мекемесінің қоймалары болды. Сонымен қатар, орналасқан қоныс аударушыларға ақшалай және заттай несиелер, ссудалар берілді. Қоныс аударушыларға берілетін ссудалардың ережелері, жоғарыда айтылған «Мемлекеттік жерлерге қоныс аудару ережелерінің» II бөлімі 31-69 баптарында заңдастырылған (Полный свод законов Российской империи, 1911: 728-733). Белгілі нұсқау негізінде ссуданың берілуі туралы ай сайын Қоныс аудару ауданының меңгерушісі орталық қоныстандыру басқармасына есеп беріп отырды.

Жоғарыда қарастырған бөлімдер Жетісу Қоныс аудару ауданында өздеріне жүктелген міндеткерліктерді жүзеге асырды. Бұдан патша үкіметінің отаршылдық саясатты жүйелі түрде өткізгенін айқын көруге болады. Сонымен бірге, жылдан жылға жергілікті халықтың пайдалануынан тартып алынған жерлердің көлемі ұлғайып отырды.

1906 жылы Жетісу Қоныс аудару ауданы ашылған кезде, онда Қоныс аударудың Бас басқармасынан арнайы жіберілген шенеунік С.Н. Велецкий меңгеруші болып тағайындалды. Аудан меңгерушісіне өлкедегі қоныс аудару ісі бойынша барлық салаларды басқару жүктелген болатын.

Мұрағат қорында Велецкийдің жеке ісі табылды. Формулярлық тізімде оның Қазақстандағы қоныс аудару ісіне байланысты қызметінің 1899 жылдан басталғандығы айқалталды. Ол Ақмоланың уақытша партиясында еңбек еткен. 1903 жылы қаңтарда Ақмола және Семей уақытша қоныс аудару партиялары біріктірілгеннен кейін, Велецкий Ақмола-Семей уақытша партиясының меңгерушісі қызметін атқарды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.2. Іс 270. 128-130 пп.). Осылайша шенеуніктің Жетісуға келгенге дейін қоныс аудару ісін жүргізуде тәжірибесінің аз еместігін байқауға болады.

С.Н. Велецкий Жетісу облысының Қоныс аудару Басқармасын 1914 жылға дейін басқарды. 8 жылдың ішінде ол өзін патша үкіметінің отаршылдық саясатын іске асырудағы сенімді шенеуніктерінің бірі екенін көрсетті. 1906 жылы С.Н. Велецкий Жетісу облысына келгеннен кейін, қоныс аудару ісін тез арада қолға алып, ретке келтіріп, қарқынды түрде жүргізді. Нақтырақ айтсақ, 1906 жылы сәуір, мамыр айларында Жетісу Қоныс аудару ауданының шенеуніктерімен осы жылдың жұмыс жоспарын құрды. Бұл жоспар бойынша өлке үш кіші қоныс аудару ауданына бөлінді: Пішпек, Қапал және Лепсі. Нәтижесінде, Пішпек уезінің Аламедин, Талқан, Шығыс-Рғайты, Калгутин және Бүлікбай болыстарында 108710 десятина құнарлы «артық» жер анықталды. Бұл жер үлестерінен 41688 десятина қолайлы жер қоныс аудару қорына тартып алынып, ол 5368 жан басына бөлінуіне тиіс болды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 67. 20 п.). Лепсі уезінде 1906 жылы отарлау қорын анықтау мақсатында алдын-ала зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, отарлау мақсатына пайдалануға қажетті барлығы 215 мың десятина жер анықталды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 67. 21 п.). Лепсі уезіндегі барлық жерлер қолдан суаруды қажет етпейтін еді. Сол жылы, уезде қоныс аударушылардың 737 жанұясы тіркелмеген болып шықты. Қапалда Лепсі уезіндегі сияқты, жалпы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мұнда 5 қоныс аудару телімі жоспарланып, тіркеу жұмыстарының нәтижесінде, жер телімдерін талап еткен 525 жанұя анықталды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 67. 22 п.). 1906 жылғы жоспар бойынша, Верный уезінде жерді бөлу жұмыстары ескерілмегендіктен, қалыптасқан жағдайларға байланысты, Шамалған болысында «Шамалған» телімі жобаланған болатын. Мұнда Верный қаласында және Верный уезінде тіркелмеген қоныс аударушы шаруалар орналастырылу керек еді. «Шамалған» телімінің жер көлемі 7150 десятина 818 жан басына есептелінді.

Сонымен, жоғарыда есептік құжаттардың негізінде көрсетілген Жетісу қоныс аудару ауданының 1906 жылғы жұмыстары, негізінен, жер қорын толтыру мақсатында өткізілді және өлкеге қоныс аударған шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтады. Жетісу облысына кірген 6 уездің 4-еуінде жоспарланған жұмыстар іске асырылды. Қоныс аудару мекемесінде шенеуніктердің саны жеткілікті болмағандықтан, зерттеу жұмыстары Пржевальский және Жаркент уездерінде өткізілмеді. Алайда атқарылуға тиіс жұмыстар мұнымен шектелмеді. Қазақстанда түгін тартса майы шығатын құнарлы жерлерді тартып алу империяның құйтырқы саясаты шеңберінде ары қарай жалғастырылды.

1906 жылы Уақытша Комиссия Пішпек уезінде 10 және Верный уезінде 1 телім Қоныс аудару қорына қабылдады, олардың көлемі 52567,3 десятина 6186 жан басына есептелінді. Ал, Лепсі және Қапал уездерінде 434700 десятина көлемінде 36300 жан басына есептелінген 29 телім жоспарланды. 1906 жылы өлкедегі қоныс аударушылардың саны 16798-ге дейін жетті. Сонымен қатар 1906 жылы казак әскерлерінің жер қорларына қатысты мәселе көтерілген болатын. Казактарды да толығымен жермен қамтамасыз ету үшін Жетісу қоныс аудару мекемесі Пішпек және Пржевальский уездеріндегі кең жерлерге баса көңіл аударды. Бірақ бұл жерлер Жетісу казактарының әскери қорына қатысты еді және оның үстіне олар әскери Басшылықпен қоныс аударушыларға жалға берілетін. Қоныс аударушы шаруалар, келешекте казак сословиесіне өтуге міндеттеніп, мұнда «еркін» поселкілер құрған болатын. Казак әскерлерінің жер қорлары жергілікті әкімшілікпен қазақтардың пайдалануынан тартып алынған жерлермен толтырылды. Осылайша келімсек орыс шаруаларын жерге орналастыру мәселесінде патша үкіметі тиімді әрі ұтымды жолдарды таңдап алып отырды.

1906 жылы өлкеде Жетісу қоныс аудару мекемесі ресми түрде өзінің жұмысын бастағаннан кейін, Пішпек уезіне ағылып келген қоныс аударушылар және бұрыннан орнықпаған шаруалар, өздерінің жерге орналастыруын талап етті. Сол себептен, Жетісу қоныс аудару ауданының меңгерушісі С.Н. Велецкий Түркістан генерал-губернаторына Жетісу казак әскерлерінің қосымша қорындағы артық жерлерді қоныс аударушылар үлесіне беруді талап етті. Бұл мәселе жоғарғы инстанциялардың қарауына көшкен болатын. Түркістан генерал-губернаторы

әскери министрге Жетісу казак әскери қорындағы жерлердің бір бөлігін Қоныс аудару қорына көшіруді ұсынды. Нәтижесінде, әскери министрдің шешімі бойынша, қоныс аудару қорына 130 мың десятина жерді беріп, бірақ келешекте Қоныс аудару ауданы Жетісу казак әскеріне 1869 жылғы 21 сәуір заңының 20 бабына сәйкес, сондай лайықты жерді қайтаруға міндетті еді. Бұл қаулы Қоныс аударудың Бас басқармасымен бекітілген болатын. Бұл мәселе жоғарғы инстанциялар тарапынан шешілгенімен, Жетісу облысының әскери губернаторы, әрі Жетісу казак әскерлерінің тағайындалған атаманы (қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде казак әскерлеріндегі тағайындалып қойылған атаман – Г.Т.) болып табылған, генерал-лейтенант Ионов өзінің келісімін бермеді.

Жетісу қоныс аудару ауданы казак әскери қорынан артық жерлердің қоныс аударушылар тарапына өту мәселесінің іске асырылуына жете алмағандықтан, жоғарғы басшылықтың шешімі бойынша, 1906 жылдың аяғында Түркістан өлкесіне генерал-адъютанат Максимович іссапармен жіберілді. Ол Ташкент қаласында өзінің басшылығымен және Түркістан генерал-губернатор қызметін атқарушы генерал-лейтенант Мацевскийдің, Жетісу облысының әскери губернаторы және тағайындалған атаманы генерал-лейтенант Ионовтың, Түркістан генерал-губернаторының Кеңесінің басқарушысы полковник Мустафиннің, Жетісу ауданындағы қоныс аудару ісінің меңгерушісі С.Н. Велецкийдің және басқа шенеуніктердің қатысуымен мәжіліс өткізілді.

Мәжілістің барысы хаттамаларда көрініс тапты. Қорда барлық хаттамалардың көшірмелері жинақталып, сақталған. Соңғы отырыста Жетісу казак әскери қорынан Жетісу қоныс аудару ауданының қорына 116,116 десятина жерді беру туралы шешім қабылданды. Бірақ, келешекте Жетісу казак әскеріне осы көлемде жер үлестері Қоныс аудару мекемесінен қайтарылу керек еді. Бірақ, бұл аталған 116,116 десятина жер Қоныс аудару қорына тек 1907 жылдың ақпан және наурыз айларында берілген болатын (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 67. 27 п.). Сонымен, Жетісу қоныс аудару ауданының қоры осылайша казак әскерлерінің артық жерлерімен толтырылған еді.

Жетісу өлкесінде қоныс аудару ісінің жүзеге асырылуы

Жетісу қоныс аудару ауданында 1906 жылы басталған жұмыстарды жалғастыру үшін, 1907 жылғы жоспар бойынша Жетісу облысы он

кіші ауданға бөлінді: Верный, Пржевальский, Қапал, Жаркент, Пішпек, Шу, Нарын, Лепсі, Сергиополь-Бахтинск, Іле-Балқаш. Нақтырақ айтқанда, Верный, Пржевальский, Қапал және Жаркент уездері Верный, Пржевальский, Қапал және Жаркент кіші аудандарын құрады.

Пішпек уезінен үш кіші аудан құрылды: оның орталық бөлігі Пішпек кіші ауданы болды, Шу өзенінің маңы уездің солтүстік-батыс бөлігі Шу кіші ауданынан тұрса, оңтүстік бөлігі Нарын кіші ауданын құрады. Лепсі уезінің негізгі бөлігі Лепсі кіші ауданынан тұрды, ал оның солтүстік бөлігі Сегиополь-Бахтинск және Іле-Балқаш кіші аудандарын қалыптастырды. Бірақ, Іле-Балқаш кіші ауданы ашылмады, өйткені 1907 жылдың басында мұнда алдын ала зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік болмады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, Пішпек кіші ауданында 17900 десятина қолайлы жер 2420 жан басына жоспарланды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 26. 223 п.). Бұл ауданда Сарыбағыш болысы және Жаныш, Тынай болыстарындағы қазақтардың пайдалануындағы жерлердің бір бөлігі зерттелген болатын. Нәтижесінде, 3 қоныс аудару телімі жоспарланды.

Пржевальский кіші ауданында зерттеу жұмыстары Жетіөгіз және Кенсу болыстарында жүргізілді. Жетіөгіз болысында 44765 десятина қолайлы жер анықталып, 36256 десятина көлемінде 3590 жан басына 2 қоныс аудару телімі жоспарланды. Ал, Кенсу болысында 51144 десятина «артық» жер анықталып, мұнда 41669 десятина көлемінде 3740 жан басына арналған 4 қоныс аудару телімі жоспарға алынды. Сонымен қатар, Пржевальский уезінің Заукинский, Тонский, Улахольский болыстарында зерттеу жұмыстары өткізіліп, шамамен 350000 – 400000 десятина жер анықталды. Мұнда он бір қоныс аудару телімдері 122900 десятина көлемінде жоспарланды.

Нарын кіші ауданында Жуан-Арык, Қошқар, Жұмғал болыстары зерттеліп, мұнда 7530 десятина көлемінде 755 жан басына арналған 4 қоныс аудару телімі жоспарланды. Верный кіші ауданында он болысты зерттеу нәтижесінде, 55131,87 десятина 5693 жан басына жер көлемі анықталды. Меже шенеуніктері жетпегендіктен, Жаркент кіші ауданында тек Сарытоғай және Қоңырбұр болыстарында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, біріншісінен – 7877,50 десятина, екіншісінен – 13122 десятина қолайлы жер анықталды. Бұл кіші ауданда 97700 десятина көлемінде 23 қоныс аудару телімдері назарға алынды.

Қапал кіші ауданында 31115 десятина көлемінде 2679 жан басына арналған 3 телім белгіленді (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 67. 43-54 пп.). Лепсі кіші ауданында Мақаншы-Садыр, Шынжынлы, Батыс-Шынжынлы, Алакөл болыстарында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, бұл кіші ауданда 15 қоныс аудару телімі 58209 десятина көлемінде 7038 жан басына жоспарланды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 27. 5 п.). Сергиополь-Бахтинск кіші ауданында зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, 6599 десятина көлеміндегі 800 жан басына арналған 4 қоныс аудару телімі жоспарға енгізілді. (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 67. 54 п.). Сонымен, жоғарыда көрсетілген аудандарда өткізілген зерттеу жұмыстары алдын-ала дайындық сипатында болды. 1907 жылы қоныс аударушы шаруаларды тек Пішпек, Шу, Пржевальский, Нарын кіші аудандарында орналастырды. Ал қалған аудандарда, зерттеу жұмыстары өткізілмегендіктен, тіпті жылдың соңында қоныс аударушыларды орналастыру мүмкін емес еді.

1907 жылдың 1 мамырында статистикалық отряд құрылып, Лепсі және Қапал уездерінде шаруашылық-статистикалық және табиғи-тарихи зерттеулер өткізді. 1 мамыр мен 1 қараша аралығында бұл отряд Лепсі уезінің 9 қазақ болысындағы 83 ауылының 14386 үй шаруашылығында және Қапал уезінің жоғарғы-Қаратал болысындағы 13 ауылының 1669 үй шаруашылығында зерттеу жүргізді. Сонымен, жарты жылдың ішінде барлығы 96 әкімшілік ауылындағы 16055 үй шаруашылығында сауалнама өткізілді. Ал, 1907 жылдың 1 қарашасы мен 1908 жылдың 1 қаңтары аралығында 9 ½ болыстардың құрамындағы 11871 жеке үй шаруашылықтарының статистикалық құжаттары өңделген болатын (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 67. 57 п.). Статистикалық құжаттар арқылы нақты мәліметтер аламыз, сондықтан олардың тарихи құндылығы жоғары.

Қазақ шаруашылығына жер үлестерін белгілеу мәселесі Жетісу Облыстық басқармасының отырысында қарастырылған. Хаттамалық құжаттарға сүйенсек, мұндай отырыстар 1908 жылдың қаңтарының аяғы мен ақпанның басында Жетісу облысының әскери губернаторының төрағалығымен өткізіліп тұрды. Сонымен бірге, бұл отырыстарға барлық уездің басшылары, жергілікті қоныс аудару мекемесінің шенеуніктері, Жетісу казак әскерлерінің мүшелері қатысқан. Жан-жақты талқылаулардан кейін, көшпелі халықтың пайдалануындағы жерлерді қоныс аудару қорына тартып алғанда, оларды ең

алдымен егін шаруашылығына жарамды жермен және орыс шаруаларымен бірдей шараларда жер үлестерімен қамтамасыз ету туралы шешім қабылданды. Бұл отырыстарда Бас басқарушының ұйғарымы бойынша, төмендегі талаптар қабылданды:

а) жергілікті жерде орыс шаруаларына қандай жер үлестері бөлінсе, көшпенділерге де сондай үлестер бөліну керек;

ә) көшпенділер игерген жерлер тартып алынбау керек;

б) Уақытша Комиссияның отырыстары қоныс аудару телімдері құрылған жерде өту керек;

в) Уақытша Комиссияның хаттамалары, Облыстық басқарманың ортақ отырыстарына талқылауға ұсынылып, өлкенің Бас басқарушысымен бекітілуі керек (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 65. 264-265 пп.). Көріп отырғанымыздай, патшалық әкімшіліктің жергілікті билеушілері империяның отарлау саясатына сәйкес жер пайдалануда қоныс аударушылардың құқықтарын жергілікті халықпен теңестіріп, бұл мәселені үнемі өз мәжілістерінде қарастырып отырған.

1908 жылы Уақытша Комиссияның отырыстарында мамыр мен шілде айларында барлық алты уезде қоныс аудару телімдерін қабылдау мәселесіне байланысты отырыстар өткізілді. Нәтижесінде, облыстағы сегіз кіші аудан бойынша 271635 десятина көлемінде 48 телім 30670 жан басына анықталды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 65. 266 п.). Жетісу қоныс аудару ауданының меңгерушісі С.Н. Велецкийдің 1908 жылғы жылдық есебінде жоғарыда бекітілген телімдердің Верный және Лепсі уездеріндегі екі телім ғана 11436 десятина көлемінде 985 жан басына арналған қоныс аударушыларды орналастыруға дайын, ал қалғандарының шартты түрде бекітілгендігі көрсетілген. Нәтижесінде, қоныс аудару қорына өткен жер үлестерінің кіші-гірім мөлшерінде шаруаларды орналастыру мүмкін деп қорытындылады. Сондықтан, өлкедегі шаруалардың бәрін орналастырып болмағанша, 1909 жылы Жетісу облысына қоныс аударуға тыйым салынуға тиіс деген ұсыныс жасалды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 65. 270 п.).

1908 жылғы жоспар бойынша, Жетісу облысы 11 кіші қоныс аудару ауданына бөлінген:

1) Батыс-Верный – Верный қаласынан батысқа қарай орналасқан 17 болыс кірген;

2) Шығыс-Верный – Верный уезінің 6 шығыс болысынан және Жаркент уезінің 2 батыс болысынан құралды;

3) Жаркент – құрамына Жаркент уезінің қалған 17 болысы енген;

4) Пржевальский – Пржевальский уезінің шығыс бөлігіндегі 9 болыс кірген;

5) Нарын – Пржевальский уезінің 11 батыс болысы мен Пішпек уезінің 5 оңтүстік бөлігіндегі болыстардан құралды;

6) Пішпек – құрамына Пішпек уезінің орталығындағы 13 болыс кірді;

7) Шу – Пішпек уезінің солтүстігіндегі 11 болыс енді;

8) Іле – Қапал уезінің Балқаш көлі бойындағы 7 батыс болыс қаратылды;

9) Қапал – құрамына Қапал уезінің қалған 13 болысын қамтыды;

10) Лепсі – Лепсі уезінің оңтүстік бөлігіндегі 6 болыс енгізілді;

11) Сергиополь-Бахтинск – құрамына Лепсі уезінің солтүстігіндегі 7 болысынан құралды.

Бірақ жерді бөлу жұмыстарымен айналысатын шенеуніктердің саны жеткілікті болмауына байланысты, Батыс және Шығыс Верный кіші аудандары біріктіріліп, бір Верный кіші ауданын құрады. Сергиополь-Бахтинск кіші ауданы Лепсі кіші ауданының құрамына енген болатын. Нәтижесінде, 1908 жылы Жетісу облысы жоспарланған 11 кіші ауданнан емес 9 кіші ауданнан құралды. Бұл жылы Жетісу облысында, Іле кіші ауданынан басқа, жоспарланған барлық аудандарда, отаршылдық мақсатта жарамды жер үлестерін анықтау үшін барлық зерттеу жұмыстары жүргізілді: табиғи-тарихи, агрономиялық, гидротехникалық, статистикалық, межелеу және т. б.

Қоныс аудару Бас басқармасының ұйғарымы бойынша, 1908 жылы Санкт-Петербургтен Жетісуға жер қыртыстарын зерттейтін екі ботаникалық экспедиция жіберілді. Бұл экспедициялардың бірі Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауын (Пржевальский кіші ауданы) және Пішпек уезінің таулы бөлігін (Нарын кіші ауданы) зерттесе, ал екіншісі – Іле өзенінің жағалауы мен оған жалғасқан таулы аймақтарында (Верный және Жаркент кіші аудандары) зерттеу жұмыстарын жүргізді. Пржевальский уезінде болған экспедицияны ботаника магистрі Флеров пен топырақтану ғылымдарының профессоры Глинка басқарды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 65. 162 п.). Бұл экспедицияның материалдары 1908 жылғы есепте жинақталған.

Жерді зерттеу және онда қоныс аудару телімдерін жоспарлап, қоныс аударушыларды орналастыру жұмыстары Верный кіші ауданында Уақытша Комиссиямен қабылданған

7 телімнің 3-еуінде өткізілді. Рғайты болысында 7230 десятина жер көлемі 675 жан басына, Тайторы болысында 5570 десятина 611 жан басына және Рғайты болысында егістік жерлерде агрономиялық зерттеу жұмыстарын өткізу үшін 431 десятина жер бөлінді.

1908 жылы Верный кіші ауданында қоныс аударушылардың 217 отбасы барлығы 1161 жан басымен тіркелген. 1908 жылдық есеп құжатында Ресейдің губернияларынан қоныс аударған нақты отбасының, ер адамдары мен әйелдердің саны кесте түрінде көрсетілген. Верный кіші ауданының шығыс бөлігіне Батыс-Талғар, Шығыс-Талғар, Түргеш, Боқай, Сюғаты және Қызылбұрғы Верный уезінің болыстары, Шілік және Торайғыр Жаркент уезінің болыстары кірді. Батыс-Талғар болысында зерттеу жұмыстары аяқталмады. Шығыс-Талғар болысының иелігінде 105971 десятина, ал артық жер көлемі 14351 десятина болып анықталды. Түрген болысында хутор шаруашылығы үшін 150 десятина көлемінде телім жоспарланды. Боқай болысының иелігіндегі 186666 десятина жердің 56834 десятинасы артық деп көрсетілді. Сюғаты болысында хуторлық телімдерді құру үшін құнарлы жерлер керек болды, бірақ мұндай жерлер аз болып шықты. Қызылбұрғы болысында қоныс аудару телімдерін құру үшін шамамен 25000 десятина шұрайлы жер белгіленді. Шілік болысында барлығы 193640 десятина жер, ал олардың 53342 десятинасы артық болып анықталды. Ал, Торайғыр болысында, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, артық жер үлестері шықпады (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 65. 10-12 пп.). Жаркент кіші ауданында Тас-Қарасу және Қара-Тұма қоныс аудару телімдері зерттелген. Байтоғай болысында артылған 81,5 мың десятина жерінде 5 қоныс аудару телімдері жоспарланды. Нәтижесінде, 1908 жылдың 16 шілдесінде Уақытша Комиссия 2 телімді қабылдады, ал қалған 3-і дайындық кезеңінде тұрды. Сарытоғай болысында барлығы 252168 десятина жер, ал олардың 93086 десятинасы артық болып анықталды.

Қорыта айтсақ, 1908 жылы Қоныс аудару мекемесі жылдың басында белгілеген 11 кіші ауданның, кейбірінің біріктірілу себебінен, тек 8-інде зерттеу және межелеу жұмыстарын іске асырды.

1909 жылғы жоспар бойынша, түбегейлі зерттеу жұмыстары Лепсі және Қапал уездерінде өткізілу керек еді. Өйткені, мұнда «бос жерлер» көптеп кездескендіктен және оларды игеру үшін аз қаржы жұмсалатындықтан осы

аумақтар көзге түскен болатын. Ал қалған уездерде алдыңғы жылы аяқталмаған зерттеу жұмыстары жалғастырылады деп жоспарланды. Бұл жылы Жетісу облысы Верный, Жаркент, Пржевальский, Нарын, Пішпек, Қапал Лепсі деп аталатын 7 кіші ауданнан тұрды.

Верный кіші ауданы бойынша Рғайты болысында 1 телім 7230 десятина көлемінде 500 жан басына, Қордай болысында 1 телім 3888 десятина көлемінде 263 адамға, Шығыс-Талғар болысында 2993 десятина көлемінде 280 тұрғынға жобаланды. Сонымен қатар, Верный кіші ауданы бойынша 15 телім жобаланып, шамамен 42966,89 десятина көлемінде 4330 жан басына деп анықталды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 27. 100-106 пп.).

1909 жылы Жаркент кіші ауданында өткізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, 9 телім 3284 жан басына арналған 29637,75 десятина көлемінде Уақытша Комиссияның қарауына шығарылды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 27. 110-111 пп.). Осы жылы өлкеде жоспарланған 7 кіші аудандардың барлығында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, Қоныс аудару қорына жарамды жерлер анықталды. Осы қорға өткен жерлерден қоныс аудару телімдері құрылды.

1910 жылғы жоспар бойынша, Жетісу облысында алдыңғы жылдары 7 кіші ауданда құрылған телімдердің түбегейлі бөліну жұмыстары белгіленді. Олардың жалпы көлемі мынадай мөлшерді құрады: Верный бойынша – 82000, Пішпек бойынша – 40000, Пржевальский бойынша – 27000, Нарын бойынша – 83000, Жаркент бойынша – 36000, Қапал бойынша – 133000, Лепсі бойынша – 92000 десятина (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 27. 159 п.).

Сонымен, 1910 жылы отаршылдық саясат мақсатында Жетісуда барлығы 231 жер телімі 750770,67 десятина көлемінде 55780 жан басына жобаланған. Бұл мәліметтерден байқағанымыздай, жылдан жылға қазақтардың пайдалануынан тартып алынған жерлердің көлемі үлкейіп отырған.

1911 жылы Жетісу облысында зерттеу жұмыстары елеулі қарқынмен жүргізілді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін көрсетілген есеп жылы Қоныс аудару ауданының шенеуніктерімен атқарылған негізгі жұмыстарға тоқталайық: 1910 жылы жобаланған және Уақытша Комиссиямен бекітілген қоныс аудару телімдерін біржолата нақтылап бөлді, барлығы нақты анықталған 242 телім 469631 десятина көлемінде болды. 103954 десятина көлемінде 9951 жан басына арналған 77 телім жобаланып, Уақытша Комис-

сиямен қабылданды, сонымен қатар, 138 телім 20640 жан басына арналған 587444 десятина жер көлемінде Уақытша Комиссияның қарауына тапсырылды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 27. 280 п.). Келтірілген мәліметтер Жетісуда жерге орналастыру және жер пайдалану мәселелерінің қарашекпенділердің мүддесінде шешілгендігін айғақтайды. Оған дәлел Жетісу қоныс аудару ауданы меңгерушісінің баяндамасында көрсетілгендей, 1906-1911 жылдар аралығында 1456080 десятина көлемінде 454 телім дайындалып, осы жерлерден қоныс аударушыларды орналастыруға 1018182 десятина көлемінде 318 телім 82689 жан басына бөлінген. Ал басқа негізде, 437899 десятина көлеміндегі 136 телім жұмсалған болатын (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 307. 12 п.). Сонымен, жылда Жетісу облысында алдын-ала кіші аудандар жоспарланып, оларда қоныс аудару телімдері құрылған болатын. Осылайша, Жетісу облысындағы Қоныс аудару мекемесі С.Н. Велецкийдің басшылығымен патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүзеге асырған еді.

1913 жылы 1 желтоқсанда Қоныс аудару басқармасының басшысы Г.В. Глинканың жолдаған жеделхатында С.Н. Велецкийге Енисей губерниясындағы Егіншілік және Мемлекеттік мүлік басқармасының басшысы қызметін ұсынған еді. Сонымен, С.Н. Велецкий бұл ұсынысты қабылдап, өзінің қызметін Қоныс аудару басқармасының арнайы тапсырмадағы шенеунігі Жетісу қоныс аудару ауданының инженер-гидротехнигі Б.Х. Шлегельге тапсырды. Қордағы Велецкий мен Шлегельдің хат алысу құжаттары екіншісінің меңгерушісі қызметіне тағайындалуын баяндайды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.2. Іс 210. 20 п.). Б.Х. Шлегель бұл қызметте 1916 жылға дейін болды. Ал, 1916 жылдың мамырынан Жетісу қоныс аудару ауданының меңгерушісі В.А. Гончаревский болды. Қоныс аудару мекемесіндегі қызметтерге тағайындалған барлық шенеуніктер Петербургтегі Бас басқармадан бекітіліп тұрды. Бір айта кететін жайт, С.Н. Велецкийден кейін болған Жетісу қоныс аудару ауданының меңгерушілерінің өмірі мен қызметі туралы толық мәлімет беретін құжаттар мұрағат қорында кездеспейді.

Ресей империясы уақыт өткен сайын қоныстандыру саясатына терең мән беріп, шет аймақтардағы Қоныс аудару мекемелерін күшейтті. Оларды қажетті мамандармен толықтырып, жұмыстарының нәтижелі болуын қадағалап отырды. Осыған байланысты Жетісу қоныс аудару ауданындағы штат қызметкерлерінің

саны жылдан жылға көбейтілді. Жергілікті жерлерде өзіне әлеуметтік тірек қалыптастыруда патша билігі барлық мүмкіндіктерді пайдалануға тырысып бақты.

1906 жылы барлығы Жетісу қоныс аудару ауданында 40 адам болса, ал 1911 жылы 227 болды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 26. 163-177 пп.). Сонда жыл сайын, қызметкерлердің саны шамамен 20-30 %-ға өсіп отырған. Бұл Ресей үкіметінің отаршылдық саясаты ұйымдасқан түрде әрі тез қарқынмен жүргізіп, жүзеге асырғандығын дәйектей түседі.

Ал енді штат қызметкерлерінің ұлттық құрамына келетін болсақ, Жетісу қоныс аудару ауданында тек орыс шенеуніктері қызмет еткен жоқ, сонымен бірге қазақ халқының өкілдері де болды. Негізінен, қазақтар гидротехника бөлімінде жұмысшылар ретінде және кеңседе тілмәш болып қызмет атқарды. Өлкемен толық таныс болмаған орыс шенеуніктеріне зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті халықтың көмегі қажет болғандықтан, қазақтар штат қызметіне қабылданған.

Қорда жеке штат қызметкерлерінің құжаттарында қазақтардың тізімдері кездеседі. Штат қызметкерлерінің тізімдерінде жұмысшының аты-жөні, жасы, болысы, қызмет түрі жазылған. Мәселен, 1916 жылы гидротехника бөлімінің тізімінде 56 қазақ көрсетілген. Олар 18-53 жас аралығындағы Жетісу облысының әр болысының өкілдері еді. Сонымен қатар, осы жылы казактарды жерге орналастырудың гидротехника бөлімінде де 15 қазақ жұмыс жасаған (ҚР ОММ. Қ.19. Т.2. Іс 46. 11-12 пп.). Қоныс аударушылардың селоларын сумен қамтамасыз ету мақсатында барлық су көздерін зерттеп, каналдар салу үшін қазақтар көбінесе гидротехника бөліміне жұмысқа қабылданды.

Мұрағат құжаттарында тілмәш қызметін атқарған қазақтардың жеке істері сақталған. Жеке істерде негізінен, формулярлық тізімдер, жұмысқа қабылдау туралы өтініштер, жұмысқа қабылданғаны туралы бұйрықтың көшірмелері жинақталған. Жеке құрам құжаттарының ерекшелігі олардан әр қызметшіге қатысты көптеген мәліметтерді алуға болады.

Назар аударарлық бір жайт, 1911-1914 жылдар аралығында Жетісу қоныс аудару ауданының кеңсесінде Тоқаш Бокин тілмәш қызметін атқарған. Оның қызмет тізімінде көрсетілгендей, ол бұған дейін Верный округтік сотының шенеунігі болып, коллежский регистратор шенін алған (ҚР ОММ. Қ.19. Т.2. Іс 257. 2-4 пп.). 1914 жылы маусымда Т. Бокиннің қызмет орнына губерндік

хатшы Қайсерке Тоқсанбаев қабылданды. Қ. Тоқсанбаевтың жеке ісінде көрсетілгендей, ол Верный ерлер гимназиясын тәмәмдаған. Оқу орнын бітіргеннен кейін, Жетісу облысында мемлекеттік қызметтерде жұмыс жасап, қоныс аудару мекемесіне тілмәш қызметіне ауысқан (ҚР ОММ. Қ.19. Т.2. Іс 445. 2-13 пп.).

Қазақ халқының өкілдері сонымен қатар топограф қызметін атқарған. Тағы айта кетерлік жайт, қорда топограф қызметінде болған бір ғана қазақтың жеке ісі сақталған. 1909 жылы Ташкент ауыл-шаруашылық гидротехника мектебінің практиканты Асқарбек Сүлейменов Жетісу қоныс аудару ауданында топограф қызметіне қабылданып, жұмыс істеген (ҚР ОММ. Қ.19.

Т.2. Іс 439. 1-16 пп.). Сонымен, белгілі оқу орындарында білім алған және шені бар қазақтар Жетісу қоныс аудару мекемесінде қызмет жасағанын көреміз. Олардың патша үкіметінің қалауымен арнайы дайындалған шенеуніктер екендігін аңғаруға болады.

Осылайша, Жетісу қоныс аудару мекемесі 1906-1916 жылдар аралығында патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүргізіп, жер мәселесін империяның мүддесінде шешіп отырды. Ең бастысы қоныс аудару қорына жер аударып, байырғы халықты жерінен айырып, тонады. Оған мына төмендегі кестеде көрсетілген телімдер саны мен жер мөлшері туралы мәліметтер дәлел бола алады (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 2445. 77 п.):

1-кесте – 1906-1916 жылдардағы құрылған телімдер саны мен көлемі

Телімдер	Жалпы саны	Жан саны және жанұя саны	Көлемі
Қоныс аудару телімдері:	428	156817	1641833
а) поселкілік		жан саны	
б) хуторлық	184	980 жанұя	25125
Мал шаруашылық телімдер	68	-	199325
Көпмерзімді арендаға арналған телімдер	38	-	106456
Қазыналық-оброктық сала телімдері	37	-	109519
Қазыналық орманды дачаларға арналған телімдер	89	-	231641
Арнайы белгілеудегі телімдер	34	-	22931
Барлығы	878		2336830

Кестеден көрінетіндей, 10 жыл аралығында Жетісу облысында жергілікті халықтың пайдалануынан, мұрағаттағы жылдық есептердің мәліметі бойынша, 2336830 десятина жер тартып алынып, қоныс аудару саясатының мүддесіне жұмсалған. Негізінен, қазақтардың пайдалануындағы құнарлы, егіншілікке жарамды жерлер қоныс аудару қорына өткен.

1914-1916 жылдары, бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты, қоныс аудару мекемесінің шенеуніктерінің көбісін әскерге шақырғандықтан, жерді бөлу жұмыстары тек Пішпек уезінің Шу өзені далаларында жүргізілген. Есептік құжаттарға сәйкес, мұнда барлығы 133348 десятина көлеміндегі жерлер тартып алынды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 2445. 78 п.). Ал 1915-1916 жылдары Жетісу қоныс аудару ауданының шенеуніктері, негізінен, казактарды

орналастыру жұмыстарын жүзеге асырды. Соғысқа байланысты өлкедегі қоныс аудару мекемесінің жұмысы біршама баяу жүргенін байқауға болады.

Қорытынды

Жетісу қоныс аудару мекемесі, өзінің қызметінің алғашқы жылдарында, патша үкіметінің 1893 жылғы 13 маусымдағы ережесіне сәйкес өлкеде қоныс аудару телімдерін құрған болатын. Бұл ереже жергілікті табиғи-шаруашылық жағдайға сай келмегенімен, Жетісу облысында заңды күшіне енді. Сонымен қатар, Жетісу қоныс аудару басқармасы Ресей империясының заңдар жинағындағы қоныс аудару ережелері мен Егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігінің 1898 жылғы 19 мамырдың

№ 5 циркулярының негізінде өлкедегі қоныс аудару ісін жүзеге асырған болатын (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 2. 14 п.). Циркуляр қазақтардың пайдалануындағы жерлерден қоныс аудару телімдерін құру мәселесін қамтып, Далалық облыстарда да қолданылды. Бұл заңдарға сәйкес, жергілікті халықтың жағдайы көзделіп, олардың пайдалануындағы құнарлы жерлерді тиіспей, «артық» жерлерден қоныс аудару телімдерін құруға рұқсат етілген. Бірақ, шын мәнінде, қоныс аудару ісінің барысында бұл шаралар мүлдем ескерілмеді.

1917 жылы 25 қазанда (7 қараша – Г.Т.) Петроградта болған төңкерістен кейін, Әскери-революциялық комитет Уақытша үкіметтің құлағанын жариялады. Ресейде, сонымен қатар Қазақстанда да бүкіл өкімет билігі Кеңестер қолына өтті. Қазақстанда кеңес өкіметі 1917 жылдың аяғынан 1918 жылдың наурызына дейінгі аралықта орнады. Саяси билік өзгергендіктен, саясат та жаңа көзқарастағы бағытта болды.

Кеңес өкіметінің бүкілресейлік 2-съезінде Халық Комиссарлар Кеңесі құрылды. Бұл мемлекеттік өкіметтің жоғарғы атқарушы және басқарушы органы болып табылды. Жер мәселесін шешетін облыстық және уездік Кеңестердің атқару комитеттерінің жанынан жер бөлімдері мен комитеттері құрылды.

Халық Комиссарлар Кеңесінің 1918 жылы 22 наурызда өткен отырысында, ал Әскери-революциялық Комитетінің 23 наурыздағы кеңесінде Жетісу облысындағы Егіншілік министрлігінің қызметіне және құрамына қатысты қаулысы бойынша Жетісу қоныс аудару басқармасы таратылып, оның бүкіл қызметкерлері және функциялары Революциялық Комитеттің бақылауымен Егіншілік комиссарының басқаруына өтті (ҚР ОММ. Қ.19. Т.1. Іс 2. 32 п.). Қордағы «Жетісу қоныс аудару ауданының қызметкерлерінің жеке құрамының 1918 жылғы бұйрық кітабында» көрсетілгендей, 1918 жылдың 25 наурызындағы № 95 бұйрық бойынша Жетісу облысындағы қоныс аудару ауданы таратылды. Қоныс аудару басқармасы Егіншілік Комиссариаты болып қайта құрылуына байланысты, 1918 жылғы 3 маусымның № 263 бұйрығы бойынша Жетісу ауданындағы қоныс аудару ісінің меңгерушісі қызметі қысқартылды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.2. Іс 15. 94 п.).

1918 жылы 22 наурызда Халық Комиссарлар Кеңесімен және 23 наурызда Әскери-революциялық Комитетпен бекітілген қаулы бойынша, Жетісуда жер мәселесін реттеу үшін, барлық

уездерде Әскери-революциялық Комитетінің, Егіншілік комиссары басқармасының өкілдерінен комиссиялар құрылды (ҚР ОММ. Қ.19. Т.2. Іс 15. 30 п.). Бұл комиссиялардың негізгі мақсаты – 1918 жылы жерсіз еңбекші халықты жермен және сумен қамтамасыз ету еді. Уездік жер комиссияларының жұмысына қажетті қаражат Облыстық және Уездік жер Комитеттерінен, Егіншілік комиссар басқармасынан бөлінді. Комиссия жүргізген жұмыстардың қорытындылары Халық Комиссарлар Кеңесінде бекітілетін (ҚР ОММ. Қ.19. Т.21. Іс 641. 10 п.). Жетісу облысында Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, Қоныс аудару басқармасы өз қызметін толық тоқтатты.

Сонымен, Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорының құжаттарының негізінде Жетісу облысындағы қоныс аудару мекемесінің 1905-1918 жылдар аралығындағы қызметі қарастырылды. Өлкедегі қоныс аудару мекемесі Ресей империясының отаршылдық саясатын жүргізу арқылы келесі функцияларды атқарды:

- өлкенің табиғи-тарихи жағдайын анықтау үшін, агрономиялық, гидрогеологиялық, статистикалық зерттеу жұмыстарын жүргізді;
- жергілікті қазақ халқының пайдалануындағы барлық жерлерді 1891 жылғы 25 наурызда қабылданған «Дала ережесіне» сәйкес, мемлекеттік меншік деп танып, егіншілікке жарамды құнарлы жерлерді, жайылымдарды тартып алып, қоныс аудару қорын толтырды;
- қазақ халқының пайдалануындағы «артық» деп танылған жерлерден қоныс аударушыларға телімдер құрды;
- қоныс аударушыларға мемлекеттік ссудаларды белгілеп, оларға уақытында берілуін қамтамасыз етті;
- қоныс аудару мекемесінің жанынан арнайы құрылған казак бөлімі өлкедегі казак әскерін жер үлестерімен қамтамасыздандырды;
- қоныс аударуға қатысты өлкеде жүргізілген іс-шаралар туралы Жерге орналастыру және егіншілік басқармасына есеп беріп отырды.

XVII-XVIII ғасырлардан бастап қазақ даласының табиғи байлығын, халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, басқару жүйесін, бір сөзбен айтқанда, ұлттық психологиясын жан-жақты зерттеп, XX ғасырдың басында Ресей үкіметі қоныс аудару саясатын заңдастырды. Патша үкіметінің қоныс аудару саясаты ұзақ уақытты қамтыған қазақ халқының түгін тартса май шығатын құнарлы жерлерін тартып алу арқылы жүзеге асырылды. Қарашекпенділердің көшінін

нәтижесінде бүкіл қазақ даласы 45 миллион гектар шұрайлы жерлерінен айырылып, байырғы тұрғындардың әлеуметтік-шаруашылық жағдайы нашарлады. Қоныс аудару саясатын патшалық империя пәрменді түрде жүргізіп, оны нәтижелі ету бағытында арнайы мекемелерді құрды. Сондай мекемелердің бірі Жетісуда да құрылып, өлкедегі отарлау саясатын, жер мәселесін қадағалап, реттеп отырды. Жетісу өлкесінде қызмет еткен қоныс аудару мекемесінің іс жүргізу

құжаттары Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының 19-қорында жинақталып, сақталған. Сол құжаттар негізінде өлкеде жүргізілген қоныстандыру саясатының мән-мазмұнын айқындап, терең зерттеуге мұрындық болады. Осы тұрасында қор құжаттарының тарихи дерек ретіндегі маңызы зор. Қайталанбас деректерге сыни талдау жасап, ғылыми айналымға енгізу отандық тарих ғылымындағы кезек күттірмес мәселелердің бірінен саналады.

Әдебиеттер

- Азамат Алашұлы. (1995). Жер мәселесі. Энциклопедия «Айқап». Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 83-85 бб.
- Байтұрсынов А. (1995). Тағы да жер жайында. Энциклопедия «Айқап». Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. 58-61 бб.
- Бөкейханов Ә. (1998). Қазақ хәм жер мәселесі. Қазақ газеті. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 93-95 бб.
- Бокин Токашбай. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 2, Іс 257.
- Велецкий Сергей Николаевич. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 2. Іс. 270.
- Дело об оказании содействия уездными начальниками чинам Семиреченской переселенческой партии перевозочными средствами для служебных разъездов. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 12.
- Доклад заведующего переселенческим делом о работе переселенческой организации за период с 1906 по 1911 годы. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 307.
- Журнал совещания по вопросам, связанным с образованием переселенческих участков в областях, управляемых по Степному положению 25 марта 1891 г. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 5.
- Историческая справка о положении переселенческого дела в Семиреченской области. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 67.
- Инструкция для межевых работ, производимых в целях заготовления переселенческих и запасных участков. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 2.
- Книга приказов по личному составу служащих Семиреченского переселенческого района за 1918 год. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 2. Іс. 15.
- Мийманбаева Ф.Н. (2021). Отчеты военных губернаторов Ферганской области как источник по истории социально-экономического положения населения Южного Кыргызстана в конце XIX – начале XX вв. Вестник КазНУ // Серия историческая, № 1 (100), 131-139 с.
- Материалы о работах Семиреченской партии в 1905 году. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 11.
- Отчет о работе Семиреченской переселенческой организации за 1906-1913 годы. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 26.
- Отчет о работе Семиреченской переселенческой организации за 1906-1913 годы. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 27.
- Отчет за 1908 год. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 65.
- Отчеты о работе по землеустройству казахов в Семиреченской области за 1916 год. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 2445.
- Полный свод законов Российской империи. Книга вторая. (1911). СПб. Т. 9. 4680 с.
- План и смета статистических работ Семиреченской партии по образованию переселенческих участков на 1906 год; краткий отчет о работах летнего периода за 1905 год и другая переписка. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 8.
- Переписка о службе чиновников особых поручений С.Н. Велецкого и Б.Х. Шлегеля. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 2. Іс. 210.
- Протоколы заседаний Семиреченской областной земельной управы по землеустройству казахского населения. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 1. Іс. 641.
- Свод законов Российской империи. Книга первая. Второе издание. (1913). СПб. Т. 2. 2774 с.
- Списки рабочих-казахов гидротехнического отдела. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 2. Іс. 46.
- Сулейманов Аскарбек. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 2. Іс. 439.
- Тынышпаев М. (2002). Киргизы и освободительное движение // Тынышпаев М. История казахского народа. Алматы: Санат. 20-28 с.
- Токсанбаев Кайсерке. ҚР ОММ. Қ. 19. Т. 2. Іс. 445.

References

- Azamat Alashuly. (1995). Zher maselesi. [Land issues]. Enciklopedija «Aikap». Almaty: «Kazak enciklopedijasy» Bas redakciyası. 83-85 bb.
- Baitursynov A. (1995). Tagy da zher zhayında. [About the land again]. Enciklopedija «Aikap». Almaty: «Kazak enciklopedijasy» Bas redakciyası, 1995. 58-61 bb.

- Bokeihanov A. (1998). Kazak ham zher мәсеlesi. [Kazakh and land issues]. Kazak gazetі. Almaty: «Kazak enciklopedijasy» Bas redakcijasy. 93-95 bb.
- Bokin Tokashbai. [Bokin Tokashbay]. KR OMM. K. 19. T. 2, Is 257.
- Veleckij Sergej Nikolaevich. [Veletsky Sergej Nikolaevich]. KR OMM. K. 19. T. 2. Is. 270.
- Delo ob okazanii sodejstvija uezdnyimi nachal'nikami chinam Semirechenskoj pereselencheskoj partii perevozochnymi sredstvami dlja sluzhebnyh razezdov. [The case of assistance by the district chiefs to the ranks of the Semirechye resettlement party by means of transportation for service trips]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 12.
- Doklad zavedujushhego pereselencheskim delom o rabote pereselencheskoj organizacii za period s 1906 po 1911 gody. [Report of the head of the resettlement case on the work of the resettlement organization for the period from 1906 to 1911]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 307.
- Zhurnal soveshhanija po voprosam, svjazannym s obrazovaniem pereselencheskih uchastkov v oblastjah, upravljajemyh po Stepnomu polozheniju 25 marta 1891 g. [Journal of a meeting on issues related to the formation of resettlement areas in areas governed by the Steppe Regulations March 25, 1891]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 5.
- Istoricheskaja spravka o polozhenii pereselencheskogo dela v Semirechenskoj oblasti. [Historical information on the state of resettlement in the Semirechensk region]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 67.
- Instrukcija dlja mezhevnyh rabot, proizvodimyh v celjah zagotovlenija pereselencheskih i zapasnyh uchastkov. [Instructions for land surveying carried out in order to prepare resettlement and reserve plots]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 2.
- Kniga prikazov po lichnomu sostavu sluzhashhih Semirechenskogo pereselencheskogo rajona za 1918 god. [Book of orders on the personnel of the Semirechensky resettlement district for 1918]. KR OMM. K. 19. T. 2. Is. 15.
- Miimanbaeva F.N. (2021). Otchety voennyh gubernatorov Ferganskoj oblasti kak istochnik po istorii social'no-jekonomicheskogo polozhenija naselenija Juzhnogo Kyrgyzstana v konce XIX – nachale XX vv. [Reports of the military governors of the Fergana region as a source on the history of the socio-economic situation of the population of southern Kyrgyzstan in the late 19th - early 20th centuries]. Vestnik KazNU. Serija istoricheskaja, № 1 (100), 131-139 s.
- Materialy o rabotah Semirechenskoj partii v 1905 godu. [Materials about the works of the Semirechensk party in 1905]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 11.
- Otchet o rabote Semirechenskoj pereselencheskoj organizacii za 1906-1913 gody. [Report on the work of the Semirechye resettlement organization for 1906-1913]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 26.
- Otchet o rabote Semirechenskoj pereselencheskoj organizacii za 1906-1913 gody. [Report on the work of the Semirechye resettlement organization for 1906-1913]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 27.
- Otchet za 1908 god. [Report for 1908]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 65.
- Otchety o rabote po zemleustrojstvu kazahov v Semirechenskoj oblasti za 1916 god. [Reports on the work on the land management of Kazakhs in the Semirechensk region for 1916]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 2445.
- Polnyj svod zakonov Rossijskoj imperii. [Complete set of laws of the Russian Empire]. Kniga vtoraja. (1911). SPb. T. 9. 4680 s.
- Plan i smeta statisticheskikh rabot Semirechenskoj partii po obrazovaniju pereselencheskih uchastkov na 1906 god; kratkij otchet o rabotah letnego perioda za 1905 god i drugaja perepiska. [Plan and estimate of the statistical work of the Semirechensk party on the formation of resettlement areas for 1906; summary account of the works of the summer period in 1905 and other correspondence]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 8.
- Perepiska o sluzhbe chinovnikov osobyh poruchenij Veleckogo S.N. i Shlegelja B.H. [Correspondence on the service of officials of special assignments Veletsky S.N. and Schlegel B.Kh.]. KR OMM. K. 19. T. 2. Is. 210.
- Protokoly zasedanij Semirechenskoj oblastnoj zemel'noj upravy po zemleustrojstvu kazahskogo naselenija. [Minutes of meetings of the Semirechensk regional land administration for land management of the Kazakh population]. KR OMM. K. 19. T. 1. Is. 641.
- Svod zakonov Rossijskoj imperii. Kniga pervaja. [Code of laws of the Russian Empire]. Vtoroe izdanie. (1913). SPb. T. 2. 2774 s.
- Spiski rabochih-kazahov gidrotehnicheskogo otdela. [Lists of Kazakh workers of the hydraulic engineering department]. KR OMM. K. 19. T. 2. Is. 46.
- Sulejmanov Askarbek. [Suleimanov Askarbek]. KR OMM. K. 19. T. 2. Is. 439.
- Tynyshpaev M. (2002). Kirgizy i osvoboditel'noe dvizhenie. [Kyrgyz and the liberation movement]. // Tynyshpaev M. Istorija kazahskogo naroda. Almaty: Sanat. 20-28 s.
- Toksanbaev Kajserke. [Toksanbaev Kayserke]. KR OMM. K. 19. T. 2. Is. 445.